



**Миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 21 қыркүйек N 1362.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.04.27. N 568 қаулысымен. ~P010568

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері бір апта мерзім ішінде жауапты адамдарды белгілесін және миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеуді жүзеге асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 21 қыркүйектегі  
N 1362 қаулысымен  
бекітілген

Миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматтары мен  
азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) және "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына

с ә й к е с

ә з і р л е н д і .

2. Қазақстан Республикасына миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар тіркеуге жатады.

3. Миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеуді жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

4. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың тіркелмеген миссионерлік қызметіне тыйым салынады.

## І І . Т і р к е у т ә р т і б і

5. Миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттарды ұсынады :

діни сенімге тиістілігі, миссионерлік қызметтің аумағы мен мерзімі көрсетілген өтініш ;

діни ұйым берген сенім хат ;  
тіркеу туралы ресмилендірілген куәліктің немесе миссионер білдіріп

отырған діни ұйымның, өз елінің заңдары бойынша ресми тіркелгенін куәландыратын өзге құжаттың көшірмесі.

Аталған құжаттарды ұсынған кезде өтініш беруші паспортын немесе жеке басын куәландыратын басқа құжатты көрсетеді.

6. Миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ адамды тіркеу туралы шешімді жергілікті атқарушы орган осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттар берілген күннен бастап, бір айдан аспайтын мерзімде қабылдайды.

7. Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Ережеге сай болған жағдайда жергілікті атқарушы орган тіркеу туралы тиісті шешім шығарады және миссионерлік қызметпен айналысуға рұқсат қағаз береді.

8. Рұқсат қағаз мыналарды қамтуға тиіс:

тіркеу нөмірі;

рұқсат қағаз берілген күн;

миссионердің тегі, аты;

діни бірлестікке тиесілігі;

рұқсат қағаз қолданылатын аумақ;

рұқсат қағаздың қолданылу мерзімі.

9. Егер миссионерлік қызметтің нысанасы мен мақсаттары Қазақстан

Республикасының заңдарына қайшы келетін болса, тіркеуден бас тартылуы мүмкін.

10. Рұқсат қағаз жоғалған жағдайда, миссионердің өтініші бойынша жергілікті атқарушы орган 10 күннің ішінде рұқсат қағаздың дубликатын береді.

11. Егер жалған мәліметтерді қамтитын құжаттар тапсырылғаны немесе миссионерлік қызметтің қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетіні анықталса, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар тіркеуден айырылуы мүмкін.

12. Миссионерлік қызметпен айналысатын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.